

# ЕСІМІ ЛДІН СІНДЕ

Жексенбі күні «Богатырь Көмір» ЖШС-нде Социалистік Еңбек Ері, «Екібастұзкөмір» өндірісі бірлестігін ұйымдастырушы және басқарушы Георгий Степанович Гридиннің 100 жылдығына арналған мемориалды тақтаның ашылу салтанаты болып өтті. Тақта аталған кәсіпорынның маңдайшасына ілінді.

Георгий Степанович - 1956-1976 жылдар аралығында көмір өндірісі саласын басқарып қана қоймай, өндіріс жұмысын алға бастырған іскер басшылардың бірі. Оның қыруар қызметі мен еңбек жолын дәріптеген «Казахстанская правда» газеті бұған дейін «Көмір генералы» атты мақала басқан болатын. Айтса айтқандай, бірлестікті өркендету ғана емес, қала құрылысы барысында да көп еңбек сіңірген айтулы азаматтың жекелеген адамдарға істеген жақсылығы да көп екен. Мұны салтанатты шараға келген ардагерлер үлкен ризашылықпен еске алысты.

Салтанатты жиынды ашқан «Богатырь Көмір» компаниясының бас директоры Виктор Константинович Щукин Г.С.Гридиннің кәсіпорынға, қалаға сіңірген еңбегі туралы әңгімеледі. Бұдан соң Г.С.Гридиннің қызы, ҚарМТУ доценті Валентина Георгиевна Анохина мен қала әкімінің орынбасары Н.В.Дычко көптің көшеметімен мемориалды тақтаны ашты.

-Бүгінде көркейіп, өркендеп тұрған қаламыз бен экономикамыздың дінгегіне айналған кенішті салып, қалдырғаны үшін Г.С.Гридинге, осында жиналған ардагер кеншілерімізге айтар алғысымыз мол,-деп бастаған Николай Васильевич жүрек-жарды тілегін екі тілде жеткізді.

Кезінде Г.С.Гридиннің экономика жөніндегі орынбасары болған Еркен Әубәкіров кеншіге көрсеткен құрметтері үшін жиналғандардың атынан алғысын білдірсе, одан кейін сөз алған ардагер Д.П.Мелехов кәсіпорын басшылары В.К.Щукинге, Е.Рахманқұловқа, мүсінші К.Сағиденовке рахметін айта келе:

-Бір кездері жұмысшылар арасында «Жап-жағы көп барак,



ортасында аурухана. Ол не?» деген әзіл-жұмбақ айтылатын. Ол, әрине, Екібастұз. Бүгінде қаламыздың барлық жағынап алғанда да жетістігі көп. Сол үшін де біз қаланың, қаланы салдырған кеншілердің есімін ұмытпауымыз керек,-деп қорытты сөзін.

Әкесі туралы естеліктермен бөліскен Валентина Георгиевна қала және кеніш басшылығына бүгінгі салтанатты шара үшін алғысын жеткізіп:

-Мен кішкентай күнімде әкемді тек менің әкем ғана деп танитынмын. Қазір есейіп, оның қаншалықты көп жұмыс атқарғанын түсініп отырмын. Ол билікке ешқашан ұмтылған емес. Еңбеккер, шаршап-шалдығуды білмейтін адам болды. Өзі салдырған Баянауыл демалыс орнында да жұрт секілді бір демалған емес. Соңғы 30-35 жылда әкемнің есімі аталмаған еді. Сіздер оның есімін көкке көтердіңіздер, ешқашан ұмытпадыңыздар. Сол үшін сіздерге бас иемін,- деген көңіл толқынысын жеткізді.

Бұдан соң Г.С.Гридинмен әріптес болған, бүгінде зейнеткерлікке шыққан қарияларға сөз берілді. Салтанатты шара соңында ардагер кеншілер мемориалды тақтаның жанында естелік суретке түсті.

Осы күні «Батыр» спорттық-сауықтыру кешенінде кәсіподақ сыйлығы үшін минифутболдан турнир ашылды. Бұл туралы хабарлаған кәсіподақ төрағасы Александр Иванович Шмеер С.Г.Гридинді еске алу турнирінің бұдан былай жыл сайын өткізіліп отыратынын айтты.

**Г.МЕДЕУБАЙ**